КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 21 қараша іс №6309-25-00-2-2429 Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т. Тұрғамбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
РММ ШҚО бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Қаупсідік Комитеті Шекара қызметінің департаменті

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Нурали»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

2025 жыл 14 сәуірдегі № 69 шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы РММ ШҚО бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Қаупсідік Комитеті Шекара қызметінің департаменті жауапкер жеке кәсіпкер «Нурали» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағанаттандырылсын.

«Нурали» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Нурали» жеке кәсіпкерден тұрақсыздық айыбын бюджет кірісіне яғни 635 636 (алты жүз отыз пес мың алты жүз отыз алтыі) теңге өндірілсін.

«Нурали» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына іс жүргізуге байланысты шығын 21 035 (жиырма бір мың отыз бес) теңге өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде

Құжатқа қол қойылған: Тұрғамбаев Т., 21.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Тұрғамбаев Т., 30.12.2025
6309-25-3-1/2676

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Т. Тұрғамбаев**

Құжатқа қол қойылған: Тұрғамбаев Т., 21.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Тұрғамбаев Т., 30.12.2025

6309-25-3-1/2676